

әрбір адамның даму траекториясына және тұтастай алғанда, бүкіл әлемге түбегейлі ықпал етеді. Жастар – еліміздің қазіргі әлемдегі бәсекеге қабілеттілігінің негізгі факторы. Қазақстанның болашағы сіздерге – сіздердің білімдеріңізге, энергияларыңыз бен патриотизмдеріңізге байланысты. Біз қазір жасап жатқанның бәрі сіздердің бақытты өмірлеріңіз үшін, сіздер өз әлеуеттеріңіз бен мүмкіндіктеріңізді толық мәнде жүзеге асыра алуларыңыз үшін жасалып жатыр».

Қазақ халқының тарихында советтік дәуірде қудалауға ұшыраған тарихи тұлғалардың тағдыры айрықша күрделі болғандығын бүгінгі тәуелсіз елдің ұрпағы терең сезінетіндей парасаттылықпен насихаттай білу қажет. Уақыт өткен сайын жақсы-жаман деп төрелік айту оңай. Өз уақытында социалистік идеяға мейлінше сенген және коммунистік идеологияның «сойылын соға жүріп», коммунистік партияның қатарына өткен зиялылардың іс-әрекетін сол замандағы ахуалмен диалектикалық тұрғыда қарастыру керек. Осыған орай тарихшылар былай пайымдайды «... тағдырдың тәлкегіне түскен қазақ зиялылары...үш өліп, үш тірілді. Бірінші жолы, бақытты заман есігін ашады деген, социалистік идеяға жан-тәнімен сеніп, бойындағы барын бергендер идея адыра қалған күні, бағыт-бағдарынан айырылып идеялық тірі өлікке айналды. Екінші жолы социалистік идеяға сенгендері де, сенбегендері де тоталитарлық қуғын-сүргіннің құрбаны болды. Үшінші жолы әлеуметтік прогрестің алғышарты болып табылатын сабақтастық жоққа шығарылып, енді ғана өркен жая бастаған қазақ мәдениеті ұлтшыл, байшыл, үстемтапшыл деген сылтаудың қатал талқысына түсті». Қазақтың жетпіс жылдық кеңестік тарихы мен тағдырының тағылымын бір ауыз мақал-мәтелмен тарқатсақ, «біткен іске сыншы көп» дейді халқымыз.

Сондықтан бүгінгі ұрпаққа кешегі кеңестік нәубеттен қорықпай, халқының болашағы үшін күрескен қазақ интеллигенциясының саясатпен тіл табыса жүріп, ұлтының ауыр халіне араша түсіп, «не өмір, не өлім» сәтінде халқына қызмет етудің мүмкіндігі болатын барлық бітімгершілік айла тәсілін қолдануға мәжбүр болғандығын түсіндіру парыз.

Бұл ұстанымның тарихи негіздемесі ХХ ғасырдың басында өмір сүрген қазақ зиялыларының өмір жолдарынан көруге болады. Ұлт зиялылары өздерінің тарихи еңбектерінде бүгінгі жас ұрпаққа үлгі болатын іс-әрекеттерді, оқу-білім алу арқылы елге қызмет жасаудың нақты бағыттарын көрсеткен.

Сондай тәрбиелік-тәжірибелік мәні бар өз заманында мәдениетті, шаруашылықты, құқықты жетілдіруге арналған еңбектерді Нығмет Нұрмақов та жазып қалдырған. Сондықтан да Тәуелсіздік және Нығмет Нұрмақов деп болашақта зерттеудің бағытын айқындауымыздың мақсаты жастарға осыны зерделеуге бағыт беру болды.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Қозыбаев М. Жауға шаптым ту байлап. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 192 бет.
2. Назарбаев Н. Тарих толқынында. - Алматы: Атамұра, 2003. – 288 б.
3. <https://sites.google.com/site/torajgyrov/-le-deri/men-kazak>
4. Назарбаева Г., Әбжанов Х. Қазақстан: тарих, тұлға, теория. – Алматы: – 2004. – 344 б.
5. Назарбаев Н.Ә. Жасай бер, тәуелсіз Қазақстан! Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты мәжілісте сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан. – 1998. – 16 желтоқсан.

КӨРЕГЕН МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРІ – ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН

Ержанова Д.Е., магистрант

Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті
Көкшетау, Қазақстан

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан – адамзат баласының тарихында сирек кездесетін тұлға. Туған халқына адал, кіршіксіз қызмет етті. Төрткүл дүниені дүр сілкіндірген Шыңғыс ханның 23-ұрпағы. 1866 жылы наурыздың 5 жұлдызында бұрынғы Семей облысы, Қарқаралы уезі, Тоқырауын болысының 7-ауылында дүниеге келген. Орта жүздің ханы Бөкейдің ұрпағы (Бөкей - Батыр - Мырзатай - Нұрмұхамед - Әлихан) «Тірі болсам, хан баласында қазақтың хақысы бар еді, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын!» деп халқына серт беріп, сол сертіне ақырғы демі біткенше адал болып өтті. Шыққан тегімен мақтанбай, оның абырой-намысын қорғап, атақты хан-сұлтандардың ұрпағы екенін сезініп, халқына шексіз қызмет етті, ер-азаматтық парызы санады, Алашына адал болды.

Ол Қарқаралыдағы ауыл молдасының қолынан арабша тіл сындырып, кейін үш сыныпты бастауыш мектепке ауысады. Оны бітіргеннен кейін 1879-1886 жылдары Қарқаралы қаласындағы

қазақ балаларына арналған мектепте оқиды. 1886-1890 жылдары Омбыдағы техникалық училищеде оқып, оны «техник» мамандығы бойынша бітіріп шығады. 1890-1894 жылдары Санкт-Петербургтегі Орман институтының экономика факультетінде білім алады. Әлихан Бөкейхан – Ресейдің жергілікті және қалалық қоғам қайраткерлері съезінің депутаты, Ресейдің I Мемлекеттік думасының және мұсылман халықтары съезінің депутаты, IV Мемлекеттік думаның мұсылман фракциясының Бюро мүшесі, еліміздің тұңғыш саяси Алаш партиясының ұйымдастырушысы, ұлттық Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалыстың негізін салушысы-көсемі, ғұлама ғалым- экономист, ормантанушы, этнограф, тарихшы, аудармашы, әдебиеттанушы, публицист.

Әлихан – хан тұқымы бола тұра, көзі тірісінде ешқашан атақ - даңққа құмартып, билікке ұмтылмаған. Туған інісі Смахан төренің естеліктерінде жазылғандай, тумысынан оқшау (жыныс мүшесі, кіндігі кесік туған; балуан, аусар, теріс бұтақ, қисық, көнбейтін), еліне қамқор («кел көшкенде түйесі ауған балалы қатындардың түйесін басып береді екен; шаңырағын көтере алмай жатқан жесір кемпірлердің шаңырағын көтеріп береді екен; ...ел көшкенде, ат ұстағанда...нашар жетім-жесірлерге ұстап береді екен»), артына ерген үзеңгілес-қандастарына көсем болып, жөн көрсете білді [1, 6 б].

Өзінің тегіне қарамастан, халқын бай-кедей деп жік-жікке бөлмеген, өзге ру-жүзден екен деп жатсынбаған. Алаштың ұл қыздары деп барлығын туған бауырындай сүйді.

«Алаштың Әлиханы» дейтіндей, патшалық дәуірінде болсын, «буржуазиялық ұлтшыл» ретінде елінен қасақана аластатылған большевиктік үстемдік жылдарында болсын, туып-өскен кең-байтақ даласының қай түкпіріне барса да Әлиханды халқы «ханымыз», «данышпан көсеміміз», «ұлттық серкеміз» - деп зор құрметпен, шын қошеметпен қарсы алған. 1926 жылы КСРО Ғылым академиясының антропологиялық экспедициясының құрамында сол кездегі Адай оязына келгенінде Әлиханды адайлардың қалай қарсы алып күткенін академик Әлкей Марғұлан кейін жарық көрген естелігінде былай суреттеген: «Адайлар Бөкейхановтың халқының алдындағы орны толмас қызметін тани біледі екен. Сондықтан оны аса жоғары дәрежеде құрметтеді. Өздеріңіз білетін шығарсыз, қазақ тек ең құрметті қонағына тай әлде құлын сойып қарсы алады. Әрине, бұл өмірде өте сирек болатын жағдай. Себебі, жылқы баласының сүйкімділігі соншалық, оны союға ешкімнің көзі қимайды және батылы бармайды. Ал құлынның терісінен жарғақ жасайды. Сондықтан жарғақ киген қазақ елуде біреу ғана болар. Жарғақ-қазақ киімінің төресі...» [1, 6 б].

Қалың қазақтың Әлиханды ханындай құрметтеп-қошеметтейтінін оның туған інісі Смахан төре ашып береді: «1916 жылы қазақты қара жұмысқа шақырғанда, көшпелі қазақтар бұзылып, 19-31-ді (19-31 жастағыларды) бермейміз деген. Сонда Әлекең Торғай облысы, Торғай оязы, Қабырға болысында, Ақтөбе, Ырғызда, Адайда болған. Оларға насихат айтып: «Жұмысқа барындар, төбелеспендер, қашпандар. Өзім сендермен бірге боламын» деп бірге болған...қарағай кескен жігіттермен», - деп еске алады.

1905-1908 жылдарда Көкбай Жанатайұлының Әлиханға айтқаны:

Қарағым, жалғызымсың қазақтағы,
 Ұл тұмақ сендей болып аз-ақ-тағы.
 Өгіз өліп, болмаса арба сынып,
 Өмірің өткен жансың азаптағы.
 Бал тамған, ханзадам-ай, қаламыңнан,
 Тәңірім айырылмасын талабыңнан!...

Сол сияқты Сұлтанмахмұт Торайғырұлы да шаттана жырлаған. XX ғасыр басында қазақтың М.Ж. Көпейұлы, Ж.Аймауытұлы, С.Торайғырұлы, М.Жұмабайұлы, Ғ.Қарашұлы, А.Байтұрсынұлы сынды көрнекті, нағыз халық ақындары мен жазушылары оған асқақ сөзі мен жырын арнады. Жалпы, қазақтың кешегі де бүгінгі тарихында өзіне осыншама ақын-жырау асыл сөзі мен жырын арнаған Әлихандай тарихи тұлға кемде-кем, ашығын айтса табылмайды [1,8б].

Әлихан Бөкейханның саяси және азаматтық көзқарастарының қалыптасуына екі жағдай үлкен әсер еткен. Біріншісі, Әлихан даланың дәулетті де ақсүйек билеушілерінің дүниетанымына тән еркіндік пен теңдікті мансұқ тұтқан ортада өсті. Олар жеткілікті дәрежеде білімді болды, қазақ әдебиетінен басқа ауыз әдебиетін, шығыс әдебиеті мен мәдениетін білді, көпшілігі орыс тілін жақсы меңгерді. Екіншісі, XX ғасырдың басында неғұрлым тиянақты білім алған қазақтар Еуропа мәдениетімен және тарихымен таныс болды. Еркіндік сүйгіш қазақ интеллигенті Әлихан Бөкейхан көп деңгейде ұлы француз революциясы мен Герценнен, Чернышевский мен Толстойдан бастау алатын орыс ағартушы гуманизмінің идеялары ықпалымен қалыптасқан [2, 228 б].

XX ғасырда Ресей империясында ұлттық-либералдық демократиялық қозғалыс өрістеді, монархиялық Ресей конституциялық жолға түсті, экономикасын жаңғыртып, еуропалық ізге түсе бастады. Қазақ зиялылары ресейлік жаңа реформаторлық буынның бір тармағы есебінде бой көтерді.

Intelligent - латын сөзі, түйсікті, ойшыл, есті, білімпаз деген ұғымды береді. Шын мәнінде интеллигенция дегеніміз-ғылым мен мәдениеттің сан-саласымен кәсіби айналасушы, мәдениетті дамытып, таратушы, ой, рухани еңбектің адамдары. Интеллигенция- зиялылар, ең алдымен ғылымды, техниканы, өнерді, білімді дамытушы жасампаздар қауымы. Олар ой еңбегіне парасат пен демократиялық сипат береді [4, 222 б].

Манаш Қозыбаевтың «Заман Қазақстан», 1999 жыл., 4 тамыздағы «Ұлт зиялылары» деген мақаласында:

Интеллигенция- ұлттың ұйтқысы, қамқоршы қорғаны;

Интеллигенция- ұлттың тірегі, рухани білегі;

Интеллигенция- ұлттың шамшырағы, қайнар бұлағы;

Интеллигенция- ұлттың ой-арманының биігі, асылар иығы;

Интеллигенция- ұлттың жасампаз батыры, қиын-қыстаудағы жанашыр жақыны;

Интеллигенция- ұлттың сарқылмас қоры;

Интеллигенция- ұлттың бір қанаты, әлем таныр санаты;

Интеллигенция- ұлттың айбыны, әлемдік кеңістікке жүзер айдыны деп, анықтама берген.

Ұлттың интеллигенциясы құрыса ол құрдымға кетеді. Ұлт интеллигенциясынан айырылса, қанатынан қайырылады. Ұлттың мысы құриды, жасиды, майысқақ келеді. 1937-1938 жылдардағы қанды террор, ұзақ жылдарға созылған отаршылдық, геноцид саясаты зиялы қауымның жүрегін шайылдырды, оның әсері бүгін де байқалады. Қазақтың зиялы қауымының көшін ұлт ұстазы, XX ғасырдың Ұлы реформаторы- Ахмет Байтұрсынов бастаса, Әлихан Бөкейхан – ұлт лидері, Міржақып Дулатов – ұлттың намысының жаршысы бола алды.

Манаш Қозыбаев «Ахмет Байтұрсынов- XX ғасырдың Ұлы реформаторы» мақаласында «Отан тарихы», 1998 жыл., № 3 Әлихан Бөкейханов жайлы былай дейді: «Сол сәтте ұлт-азаттық қозғалысының бірден-бір көсемі болып Әлихан Бөкейханов шықты. Ол еуропалық тәрбие алған, еуразиялық деңгейдегі энциклопедист-ғалым, қоғам қайраткері еді. Әлихан қазақ сахарасындағы ұлт-азаттық қозғалысын еуропалық демократиялық конституциялық парламенттік күрес жолына салды».

Әлихан Ресей реформаторларының көсемінің бірі болды. Уақыт өткізіп, Әлекең орыс реформаторлары ұлттың өзін-өзі билеуіне қарсылығын көрді, олардың қазақ жерін талауға бағытталған орыс қара шекпенділерін көшіру саясатын жүргізуге ынталы екенін түсінді, қазақты орыстандыру, шоқындыру, өз дінінен, ділінен бездіру саясаты ендеп, бойлап бара жатқанын жіті байқап, Әлихан орыс зиялыларынан бөлініп, Алаш туын тікті. Осы тұста Әлиханға үлкен әсер етіп, ықпал жасаған қайраткерлердің бірі Ахаң еді. Әлихан деңгейіндегі Шығысты Еуропамен қоса алатын Ахмет Байтұрсынов демократиялық күрес майданында қосылған сәтте қазақ зиялыларының қозғалысы толықсып, кемелдене түсті. Әлихан Еуропаны жетік білсе, Ахмет Азия тынысын, түркі әлемін терең түсінетін [4, 185 б]. Әлихан Бөкейхан мен Ахмет Байтұрсыновты да, қазақ зиялы қауымын да біріктірген отаршылдыққа қарсылық еді.

Әлихан мен Ахмет ұлттық шеңберден шығып, Еуразиялық деңгейге көтерілді. Осы арада бір нәрсенің басын ашып айту керек: Әлекең мен Ахаң егіз құбылыс. Әлекең тарих, экономика, статистика, саясат саласындағы дүлдүл, Ахаң – тіл, әдебиет, мәдениет, оқу-білім саласындағы реформатор. Егер Әлихан ұлт-азаттық қозғалысының саяси көсемі болса, Ахаң оның рухани көсемі. Сондықтан да бұл екі дананы ажыратпай, қарама-қарсы қоймай, диалектикалық байланыста қарау орынды.

Әлихан Бөкейханның ақсүйек, төрелігі бар, батыс рухындағы ғалым, күрескер-стратег, тактик, саясаткерлігі басым тұлға. Әлекең Еуропа мен Азияда тең басар Шоқан рухтас дауылпаз. Әлихан мен Ахмет одағы- ұлт –азаттық қозғалысының толысуына, ұлттың ұлттық санасының жаңа деңгейге көтерілуіне ғажайып ықпал етті. Әлихан мен Ахаңның арқасында шығыстың ұлт-азаттық қозғалысы еуропалық бағыт алды, ұлттық ұранға ие болды, томаға-тұйықтан шықты, бүкіл Ресей шығысында Алаш туы жоғары желбіреді [4, 186 б].

Әлихан Бөкейханның орыс тілі жайлы айтқан пікірін Манаш Қозыбаев өз шығармаларында былай келтіреді: Ә.Бөкейхан айтқандай, орыс халқымен біздің тағдырымыз тамырлас. Бұл арада ана тілі мен орыс және басқа шет тілдерінің қолдану аясы белгілі бір өркениеттік принциптерге негізделуі керек. Орыс тілін мектептерде оқыту кеңінен жүргізілуі керек, екі-үш тілді меңгеруді мемлекеттік стандартқа айналдыру керек. Қазақ тілімен қатар орыс, ағылшын, не қытай, не неміс, не француз тілдерін бірдей білген азаматтың қоғамдағы орны жоғары болуы керек. Бұл арада көрші

қытай елі бізге үлгі бола алады. Сен тек қазақ тілін біл, басқасы не болса ол болсын дегенді қою абзал [4, 210б]. Біз бұдан бір ғасыр бұрын айтылған Алаш қайраткерінің сөздерінің қазіргі таңдада өте өзекті болып отырғанын көреміз.

Аса күрделі қиын жағдайға тап болған Алаш қайраткерлері қазақ ұлтының мемлекеттілігіне қол жеткізу үшін әр түрлі әдістер мен амалдарға барды. Осыған байланысты тарихшы М.Қойгелдиевтің пікіріне назар аударсақ болады: «Болашақ қазақ мемлекеттігінің мазмұнына қатысты», - деген еді ол, - «Әлихан Бөкейханның да көқарасы түрлі тарихи жағдайларға байланысты өзгеріп отырды. Мәселен, ол 1917 жылдың күзінде қазақ елінің жері біргелік автономияны қабылдап Сібір автономиялық мемлекетіне қосылғанын қалады. Ал 1918 жылы күзде Уфа қаласында ол башқұрт басшыларымен болған кеңесте «башқұрт-қазақ тұтас мемлекетін» құру жөнінде келісімге тоқтайды. Мұстафа Шоқай өз ретінде қазақ жұртының Түркістан (Қоқан) автономиясы құрамында болғанын жақтады». М.Қойгелдиев мұны Ә.Бөкейханның «Жалпы Сібір сиезі» деген атпен жарық көрген мақаласына сүйенгенін айтады. Онда мынандай жолдар бар: «.... Сібір автономиясына қазақтың қосылу-қосылмауы екі айырылған соң біз, 9 өкіл, кеңесіп, Сібір сиезінде мынаны айттық: Сібір автономия болсын, біздің қазақ ұлты уақытша Сібірге қосылады. Біздің бұл пікірімізге аз бұратаналар да- бурят, яқұт қосылды. Сонымен Сібір автономиясының негізгі заңына аз алды бір баб жазылмақ: қазақ ұлты Һәм өзге Сібірді қоныс қылған жұрт Сібір автономиясына уақытша қосылады. Өздері, біз енді бөлініп өз ойымызға автономия боламыз деген күні босанып, автономия болады» [5, 176].

Біздің байқағанымыз Әлихан Бөкейханның көреген, үлкен саясаткер екендігін! Ол нені көріп отыр? Халықтың автономиялық мемлекет құруға әлі де дайын емес екендігін, оны толғандырғаны қазақ жерінің ұлттық құрамының күрделілігі.

Бөкей облысының өзіндік ерекшеліктерін ескерген Ә.Бөкейхан Түркістанға тән ерекшеліктерді де назардан тыс қалдырмады. «Түркістан, – деп жазды ол, – өз алдына автономия болар. Біздің қазақтың Түркістанға қосылғаны оң деген пікір де бар. Біз Түркістанмен діндес, туысқанбыз. Автономия болған- өз алдына мемлекет болған. Мемлекет болып іс атқару оңай емес. Біздің қазақ іс атқаратын азаматқа жұтап отырған болса, біздің жалпы қазақ қараңғы соқыр болса, Түркістан халқы бізден он есе артық. Қазақ Түркістанмен біз автономия болса, автономия арбасына түйе мен есекті пар жеккен болады. Бұл арбаға мініп біз қайда барамыз» [5,176].

Бұдан байқайтынымыз Ә.Бөкейханның түпкі мақсаты – қазақ жерінің ұлттық-территориялық автономиясына қол жеткізу екенін, ол оған жету үшін түрлі тактиканы қарастырғаны.

Ә.Бөкейханның «Қазақ» газетінде жарияланған «Мен кадет партиясынан неге шықтым?» деген мақаласына жүгінетін болсақ, оның кадет партиясы мүшелігінен бас тартуына түрткі болған үш себептің бірі жер мәселесі екендігіне көз жеткіземіз: «Кадет партиясы жер адамға меншік болып берілсе де жөн дейді. Біздің қазақ жерді меншікті қылып алса, башқұртша көрші мұжыққа сатып, бір аз жылда сыпырылып, жалаңаш шыға келеді», -деген жолдар нақты дәлел. Мақаланы оқи отырып, кадет партиясы жер туралы мұндай шешімге кейіннен келгенін, ал басында басқаша болғанын бағамдау қиын емес. Алаш көсемінің: «... жол айырылғаны биыл ашыққа шықты. Мен сонан соң қазаққа Алаш партиясын ашуға тырыстым. Мұны мен июльдегі жалпықазақ съезінде айтқан едім», - деп жазады [6,195б].

Қазақ халқының тарихындағы елеулі, айтулы оқиғаның бірі – Алаш автономиясы мен «Алашорда» үкіметінің құрылуы. 1917 жылы Орынбор қаласында екінші жалпы қазақ съезі өтіп, ондағы күн тәртібіне 10 мәселе қойылады. Соның екіншісі, Алаш автономиясын жариялау еді. Ақыры Алашорда үкіметі құрылып, Үкімет төрағасына Әлихан Бөкейхан сайланады. Алаш ардақтылары ұлт үшін қызмет ету керек екенін анық көрсетіп кетті. Олар солақай саясатпен, анталаған алауыздықпен ғана емес, ел ішіндегі сауатсыздықпен де күресті. Олардың әрқайсысы өз саласында ағартушылықты қатар алып жүрді.

1920 жылы Қазақ жерінің шекарасын құжат жүзінде растау үшін Әлихан Бөкейханов бастаған бірнеше Алаштықтар Ленинмен жолығуға Мәскеуге барады. Сол жолы жас математик Әлімхан Ермеков Лениннің алдында баяндама оқиды. Әлімхан өз баяндамасында Каспий теңізі түгел, Орынбор, Омбы, Астырахан секілді бірнеше жердің қазаққа тиеселі екенін айтады. Мұны сөзден тоспақ болған Ленин Әлімханмен екі сағаттай сөз жарыстырады. Ақыры жас Әлімханның географиялық жан-жақты сауатына таң қалған Көсем еріксіз басын шайқап, қазақ шекарасын Әлімханның сызбасы бойынша құжат жүзінде бекітіп беруге уәде береді. Жиыннан шыққан соң Әлихан: «Біздің Әлімханмен екі сағат сөз таластыруға сауаты жететін орыстан да бір ұл туған екен-ау», деп кекете күлген дейді. Әлімхан сол жылы небары жиырма жеті жастағы, Том университетінің төртінші курс студенті екен [3, 44 б]. Он алты республиканы билеп отырған, ол заманда Ленинмен

сөз таластырмақ түгілі, екiнiң бiрiнiң оның алдына баруға батылдығы жетпейтiн, тура карауға қаймығатын. Ал Алаштықтар болса тәуекелге бел байлап, басын бәйгеге тiккен.

Алаш Орданың саясаттағы мақсаты – азат қазақ мемлекетiн құру болды. Ал бағдарламадағы «Федеративтi Ресейге кiреміз» деуi – саяси жоспар едi.

Әлихан Бөкейхан көреген күрескер едi. Ғасыр басында Ресейдегi 35 млн мұсылман халықтары азаттық пен бостандықтың жолына түсуге талпынды. Дiн бiрлiгi негiзiнде бiрiгу күресi басталды, дiнге негiзделген саяси партиялар құрыла бастады. Әлекең бұл қозғалысқа араласа жүрiп, ислам дiнiнiң догмаларын жаңа заманға сай реформалауды талап еттi. Дiн мен бiлiмдi, мемлекет пен дiндi айыруды жақтайды. Қазақ сахарасында дiни партиялардың етек алмауы Ә.Бөкейханның бiрден-бiр көрегендiгiнiң арқасында болды. «Алаш» партиясы, оның көсемi Ә.Бөкейхан ХХ ғасырдың басында-ақ қазақ халқының әлемдiк өркениетпен табысатын жолы дiн емес, бiлiм, ғылым екенiн жете түсiнген. Қазақ елi ислам мемлекетi емес екенiн аңғарған [7, 185 б].

1937 жылы 27 қыркүйекте КСРО Жоғары соты әскери коллегиясының негiзсiз үкiмi бойынша ату жазасына кесiлген. 1989 жылы 14 мамырда КСРО Жоғары сотының қаулысы бойынша әрекетiнде қылмыс құрамы жоқ болғандықтан ақталды.

Әлихан Бөкейхан – мемлекет қайраткерi, ұлт зиялысы мемлекеттiң болашағын өзiнiң көрегендiгi арқылы болжай алды, қазақ мемлекетiн жаңғыртып, ХХ ғасырға сай қайта құруға өмiрiн арнап, құрбан болды. Ұлы даланың Ұлы арысының ұлты алдында, тарихы алдында ары таза.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Бөкейхан Ә. Шығармаларының толық жинағы. Астана, 2009. – 563 б.
2. Көркем суреттi Қазақстан тарихы. Үшiншi том. Алматы, 2007. – 319 б.
3. Қазақстан тарихы әдiстемелiк журнал. №10. 2013. – 87 б.
4. Қозыбаев М. Шығармалар. 4-том. Алматы, 2013. – 324 б.
5. Қазақстан тарихы әдiстемелiк журнал. №9. 2013. – 87 б.
6. Қайрат Сақ. Алаш мұрасы. Алматы, 2014 – 285 б.
7. Қозыбаев М. Тұлғалар тұғыры. Алматы, 2019. – 535 б.

ҒАЛЕУЕТДЕН МӘМЕКОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Заркумова Н.Б., PhD докторант

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылы 5 қаңтарда жариялаған «Тәуелсiздiк бәрiнен қымбат» мақаласында Алаш арыстарына: «Бiз кезiнде елге қызмет етудiң озық үлгiсiн көрсеткен Алаш қайраткерлерiнен тағылым аламыз. Олар өткен ғасырдың басында тәуелсiздiк идеяларын халық арасында дәрiптеуге зор еңбек сiңiрiп, азаттық жолында құрбан болды» деп баға берген болатын[1].

Алаш арыстарының бiрi, белгiлi педагог, публицист, қоғам қайраткерi Ғалеуетден Мәмеков - бұрынғы Ақмола облысы Петропавл уезi Аққусақ болысының №3 ауылының(қазiргi Жамбыл ауданында) тумасы. Ғалеуетден алдымен ауыл молдасынан мұсылманша хат танып, жастайынан зерек болып өседi. Кейiн Пресногорьковтегi жоғары бастауыш мектептi орыс тiлiнде тәмамдаған. Мектепте оқып жүрген жылдарында ол Абай Құнанбайұлының, А.С.Пушкиннiң, М.Ю.Лермонтовтың, И.А.Крыловтың, Л.Н.Толстойдың еңбектерiмен танысады. Орыс және татар тiлдерiн жетiк меңгерген [2].

Мектеп жылдарында қазақ халқының жағдайы туралы мәселелерге назар аударып, Айқап журналының 1911 жылғы №5 санында «Бiздiң қазақ баласына не қылғанда басқа жұрттарға теңелуi туралы бiраз кеңес» атты мақаласы жарық көредi. Бұл мақалада қазақ халқының жағдайын былайша сипаттайды: «Бiздiң қазақ халқы Россияда болған инородец, яғни жат жұрттардың арасында ғылым жағынан төмен халық болып есептеледi. Әншейiн жер-судың арқасында күн көрiп, ойын-тойға мәз болып жүрiп жатыр.Бұл күндерде бiзден басқа халықтар бәрi де оянып, не нәрсе өзiне пайдалы, не нәрсе зиянды, соның себебiне кiрiсiп, пайдалы жағын ұстап, зиянды жағынан безiп жатыр. Бiздiң қазақ өз қызығында жүр»[3, 65 б.]. Жер-судың байлығына мәз болып жүрген қазақ шамасы жеткенше балаларын оқытып, бiлiм-ғылыммен қарулануы қажет деген ой бiлдiредi.